

Тақырыбы: « Ертегілер мен мақал-мәтелдер арқылы балалардың тіл байлығын арттыру»

Қазақ ертегілерін құлағымен естіп өскен мектепке дейінгі балалардың ішкі дүниесі айналасын қоршаған табиғатқа көзқарасы болашаққа халқына, салтына, ата-анасына қамқор да қайырымды да мейірімді болып өседі. Халық ауыз әдебиеті түрлерін күнделікті қарым-қатынаста таңертеңгі қабылдау мен кешкі қоштасу сәтінде сәлем сөздің анасы «Әдептілік белгісі, иіліп сәлем бергені»-деген мақалдарды ұстана отырып, балалармен мейіріммен сәлемдесу, қоштасу арқылы бала бойында мейірімділік, ризашылық, үлкенге ізеттілік көрсету сияқты қасиеттерін қалыптастыру. Жаңа озық технологияларды дамыта оқытудың мақсаты мен міндеті, баланың даму заңдылықтарына сәйкестендіріледі.

Қатысушылар: балабақша тәрбиешілері

I. Ұйымдастыру кезеңі

Жүргізуші сөзі:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Бүгінгі семинарымыздың тақырыбы — «Ертегілер мен мақал-мәтелдер арқылы балалардың тіл байлығын арттыру».

Ертегісіз өскен бала-қиялсыз бала,

Мақалсыз сөйлеген сөз-мәнсіз.

Сондықтан бала тілін дамытудың ең оңай да тиімді жолы халық ауыз әдебиеті. Балалардың тіл байлығы олардың ойлау қабілетінің, қарым қатынас мәдениетінің негізі. Ертегілер мен мақал мәтел баланың сөздік қорын, сөйлеу мәдениетінің, қиялың және логикалық ойлауын дамытатын ең тиімді құралдардың бірі. Балалардың достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Ертегі арқылы балалар ойдан қысқа нұсқа ертегі ойлап табады. Ертегілер түрлері өте көп мысалы: Көлеңке, қасық ертегісі, үстел үсті ертегісі, сүзекі ертегісі, конус ертегісі т.б. Балаларға ойын қызықты болсын деп шұлық ертегісін жасаған болатынбыз. Қол моторикасын дамытады. Керуен театр ертегісі.

Баланың тілінің дамуы — оның ойлау, қарым-қатынас жасау қабілетінің негізі. Сондықтан бүгін біз балалардың тілін дамытуда ертегі мен мақал-мәтелдерді тиімді қолдану жолдарын қарастырамыз.

Мектепке дейінгі жаста баланың сөйлеу тілінің қарқынды дамуы жүреді. Тіл дамытуда ауыз әдебиетінің орны ерекше. Ертегі – баланың қиялын дамытса, мақал-мәтел – ойлау қабілетін жетілдіреді.

Қазіргі таңда жасанды интелект пайдалан отырып көптеген ертегілер сомдаймыз. Балалар өз ойларын ертегі құрастырады. Қазір біздер керуен театрын пайдалана отырып «Достық» ертегісін сомдайтын боламыз. Оратаға тәрбиешілер шығамыз.

Сұрақ-жауап:

Балалардың тіл дамытуда қандай қиындықтар кездеседі?

Қандай әдістерді жиі қолданасыздар?

Кейіпкерлер сурақ жауап

Мадақтау

1. Ертегілер арқылы тіл дамыту

Ертегі баланың сөздік қорын байытады, сөйлем құрау дағдысын қалыптастырады, байланыстырып сөйлеуге үйретеді.

Ертегімен жұмыс түрлері: мәнерлеп оқу, мазмұнын айтқызу, кейіпкерлерді сипаттау, рөлге бөліп сахналау, сурет бойынша әңгіме құрастыру.

2. Мақал-мәтелдер арқылы тіл дамыту

Мақал-мәтел — халық даналығы. Баланың сөз мағынасын түсінуіне көмектеседі, тәрбиелік мәні жоғары.

Жұмыс тәсілдері: жаттау, мағынасын түсіндіру, мақал жалғастыру, өмірмен байланыстыру.

1-тапсырма: «Мақалды жалғастыр» ойыны..

Қорытынды бөлім

Балалардың тілін дамыту — тәрбиешінің маңызды міндеттерінің бірі. Ертегі мен мақал-мәтел арқылы баланың сөздік қоры байып, ұлттық құндылықтарды меңгереді, сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады. Халық ауыз әдебиет арқылы бала тек жаңа сөздерді меңгеріп қана қоймай, тілдің көркемділігін сезінеді, ойды жүйелі жеткізуге дұрыс қарым қатынас жасауға және өз ойын еркін айтуға үйретеді.

